

2009-2011 жылдары республикалық деңгейде өткізілетін мерейтойлар мен атаулы күндердің тізбесі туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 4 наурыздағы N 31-ө Өкімі

Мерейтойлар мен атаулы күндерді мерекелеуді үйлестіру мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған 2009-2011 жылдары республикалық деңгейде өткізілетін мерейтойлар мен атаулы күндердің тізбесі бекітілсін.

2. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2009 жылғы 4 наурыздағы
N 31 - ө өкімімен

бекітілген

2009 - 2011 жылдары республикалық деңгейде өткізілетін мерейтойлар мен атаулы күндердің тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.03.09 № 179 Қаулысымен, ҚР Премьер-Министрінің 2011.01.19 № 3-ө Өкімімен

P / c N	Мерейтойлар мен атаулы күндердің атауы	Аяқтау нысаны	Орындалуына жауаптылар	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1.	Біржан сал Қожағұлұлының 175 жылдығы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МАМ, Ақмола облысының әкімі	2009 жыл
2.	Кенен Әзірбаевтың 125 жылдығы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МАМ, Жамбыл облысының, Алматы қаласының әкімдері	2009 жыл
3.	Ғарифолла Құрманғалиевтың 100 жылдығы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МАМ, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Атырау облыстарының, Алматы қаласының әкімдері	2009 жыл
4.	Әбділдә Тәжібаевтың 100 жылдығы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МАМ, Қызылорда облысының, Алматы қаласының әкімдері	2009 жыл
5.	Шоқан Уәлихановтың 175 жылдығы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МАМ, БҒМ, Солтүстік Қазақстан облысының әкімі	2010 жыл
6.	Григорий Николаевич Потаниннің 175 жылдығы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МАМ, БҒМ, Павлодар облысының әкімі	2010 жыл

7.	Міржақып Дулатовтың 125 жылдығы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МАМ, БҒМ	2010 жыл
8.	Бауыржан Момышұлының 100 жылдығы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МАМ, Жамбыл, Атырау облыстарының, Алматы қаласының әкімдері	2010 жыл
8-1.	Мұхамеджан Қаратаевтың 100 жылдығы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	БАМ, ММ, БҒМ, Алматы қаласының әкімі	2010 жыл
9.	Дина Нұрпейісованың 150 жылдығы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ММ, БАМ, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарының, Алматы қаласының әкімдері	2011 жыл
10.	Қасым Аманжоловтың 100 жылдығы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ММ, БАМ, БҒМ, Қарағанды облысының, Алматы қаласының әкімдері	2011 жыл

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ММ - Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі

БАМ - Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі